

А.Е. Абенова^{1*}, Б.К. Нұрпейіс²^{1,2}Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, ҚазақстанE-mail: ¹aabenova94@mail.ru, ²bakyt_n_70@mail.ruORCID: ¹0000-0002-5470-6602, ²0000-0002-7431-7233

РЭЙ КУНИ КОМЕДИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТЕАТРЛАРЫНДАҒЫ САХНАЛЫҚ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын драматургы Рэй Куні комедияларының Қазақстан театрларындағы сахналану үрдісі сараланған. Драматург пьесалары соңғы 30 жылда әлемнің 40 елінің театрында жарық көрді. Соңғы уақыттарда оның комедиялары қазақ сахнасынан да орын алып үлгерді. Аталмыш жұмыста М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында қойылған Р.Кунидің «Күлкілі ақша» және «Astana Musical» Мемлекеттік театрындағы «№ 13» комедиясының сахналық көрінісі кеңінен талданды. Зерттеу жұмысының басты мақсаты аталған пьесалардың Қазақстан театрларында қалай қойылғаны, режиссерлік трактовка, актерлік ойын, қозғайтын тақырыбының өзектілігі, сахналану ерекшелігін анықтау болып табылады. М.Горький атындағы орыс драма театрында сахналанған Р.Кунидің «Күлкілі ақша» комедиясы өткір юморымен, жарқын бейнелерімен, өміршең тақырыпты тереңінен қозғауымен құнды болды. А.Терехин актерлерге шығармашылық еркіндік беріп, олардың суырыпсалмалық, дауыс, пластика арқылы комедиялық әрекетті шебер жеткізуіне жол ашқан. Қойылым адалдық пен арамдық, парасат пен пасықтық секілді адам болмысының қарама-қайшылығын ашып көрсетеді. «№ 13» спектаклінде режиссер Есләм Нұртазин заманауи тәсілмен пластика, музыка мен сахналық қимылды үйлестіріп, актерлердің комедия мен мюзикл элементтерін шебер біріктірген. Екі қойылым да өзіндік ырғақ-екпінмен, түрлі тақырыптарды жаңа пішінде сахналауымен дараланды. Ең бастысы, Р.Куні комедияларының қазақстандық көрермендердің жүрегіне жақын әрі кез келген театр ұжымы үшін актерлік мектепті шыңдаудың жоғары көрсеткішіне айналған туындылар болып табылатыны зерттелді.

Кілт сөздер. Ағылшын драматургиясы, комедия, режиссура, актер, спектакль, кейіпкер, идея, бейне.

А.Е. Абенова^{1*}, Б.К. Нұрпейіс²^{1,2}Казахская национальная академия искусств имени Т.Жургенова, Алматы, КазахстанE-mail: ¹aabenova94@mail.ru, ²bakyt_n_70@mail.ruORCID: ¹0000-0002-5470-6602, ²0000-0002-7431-7233

СЦЕНИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ КОМЕДИЙ РЭЙ КУНИ В ТЕАТРАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В данной статье проанализированы тенденции постановки комедий английского драматурга Рэя Куні в театрах Казахстана. Пьесы драматурга за последние 30 лет были опубликованы в театрах 40 стран мира. В последнее время его комедии заняли место и на казахской сцене. В данной работе всесторонне проанализированы сценические постановки комедии Р. Куні «Смешные деньги» в Государственном академическом русском драматическом театре им. М. Горького и «№ 13» в Государственном театре «Astana Musical». Основной целью исследовательской работы является определение специфики постановки, режиссерской трактовки, актерской игры, актуальности затрагиваемой темы, на каком уровне поставлены эти пьесы на театральных сценах Казахстана. Комедия Р. Куні «Смешные деньги», поставленная на сцене Русского академического драматического

театра имени М. Горького, ценна своим острым юмором, яркими образами и глубоким раскрытием актуальной темы. Режиссёр А. Терехин предоставил актёрам творческую свободу, что позволило им мастерски передать комедийное действие с помощью импровизации, голоса и пластики. Постановка ярко демонстрирует противоречивую природу человеческой сущности – честность и коварство, благородство и низость. В спектакле «№ 13» режиссёр Еслям Нуртазин с современным подходом удачно соединил пластику, музыку и сценическое движение, виртуозно интегрируя элементы комедии и мюзикла в актёрскую игру. Обе постановки были индивидуализированы своим ритмическим акцентом, постановкой различных тем в новой форме. Самое главное, было исследовано, что комедии Р. Куни являются произведениями, близкими сердцам казахстанских зрителей и ставшими для любого театрального коллектива высоким показателем совершенствования актерской школы.

Ключевые слова. Английская драма, комедия, режиссура, актер, спектакль, персонаж, идея, образ.

A.E. Abenova¹*, B.K. Nurpeyis²

^{1,2}T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: ¹aabenova94@mail.ru, ²bakytin_70@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5470-6602, ²0000-0002-7431-7233

STAGE INTERPRETATION OF RAY COONEY COMEDIES IN THEATERS OF KAZAKHSTAN

Abstract. This article analyzes the trends in the staging of comedies by English playwright Ray Cooney in theaters in Kazakhstan. The playwright's plays have been published in theaters in 40 countries over the past 30 years. Recently, his comedies have taken their place on the Kazakh stage. In this work, the stage productions of R. Kuni's comedy «Funny Money» at the Gorky State Academic Russian Drama Theater and «No. 13» at the Astana Musical State Theater are comprehensively analyzed. The main purpose of the research work is to determine the specifics of the production, director's interpretation, acting, the relevance of the topic concerned, at what level these plays are staged on the theatrical stages of Kazakhstan. The comedy Funny Money by Ray Cooney, staged at the M. Gorky Russian Academic Drama Theatre, stands out for its sharp humor, vivid characters, and deep exploration of a relevant theme. Director A. Terekhin granted the actors creative freedom, allowing them to skillfully convey comedic action through improvisation, voice, and physicality. The performance effectively reveals the contradictions of human nature – honesty and deceit, nobility and baseness. In the play Out of Order «No. 13», director Eslam Nurtazin skillfully combined movement, music, and stage dynamics using a modern approach, successfully integrating elements of comedy and musical theatre into the actors' performances. Both productions were individualized by their rhythmic emphasis, the staging of various themes in a new form. Most importantly, it was investigated that R. Kuni's comedies are works close to the hearts of Kazakhstani viewers and have become a high indicator of the improvement of the acting school for any theater group.

Keywords. English drama, comedy, directing, actor, performance, character, idea, image.

1. Кіріспе

Бүгінгі күні қазақ театрларында ағылшын драматургиясының аясы кеңеюде. Өлемдік театр деңгейіндегі шығармалардың қазақ сахнасында жиі қойылуы театрымыздың көркейіп, дамуына бірден-бір ықпал жасайтыны кәдік. Соңғы уақыттарда театрларымыздың бет алысы мен бағдары жаңаша серпін беріп, заманауи режиссерлік, актерлік шығармашылық өркендеп жатыр. Осы орайда ағылшынның озық трагедияларымен қатар комедиялары да кеңінен қойылып жүр.

Ағылшын драматургиясының ерекшелігі жөнінде Джон Драйден: «Наши пьесы помимо основного имеет еще и побочные действия, разыгрываемые второстепенными

персонажами и захватываемые движением основного сюжета подобно тому, как орбиты неподвижных звезд и вращающихся планет, несмотря на наличие собственного движения, вращаются еще и вместе с *primummobile*. Это сравнение хорошо выражает характер английской сцены; ибо если в природе противоположные движения могут быть согласованы между собой, если планета в одно и то же время может двигаться и на запад, благодаря собственному движению, и на восток, вместе с девятой сферой, то нетрудно себе представить, каким образом побочная интрига, которая лишь отлична от основной, а не противоположна ей, может быть естественным образом развита параллельно основной», – деп (Драйден, 1980: 227) тұжырым жасайды.

Ағылшын драматургиясының ерекшелігін саралай келе біз трагедия жанрында жазған біршама драматургтердің есімдеріне жақсы қанықпыз, атап айтқанда: Кристофер Марло, атакты Уильям Шекспир, Джордж Чепмен, Томас Деккер, Томас Хейвуд, т.б. Дегенмен, бұл зерттеуде қазақ театрындағы ағылшын драматургиясындағы комедия жанрында жазған драматургтерге тоқталатын боламыз. У.Шекспирден кейінгі жылдарда ағылшын драматургиясында комедия жанрын жандандырғандардың бірі – Бен Джонсон екені анық. «Джонсон (Бен) – крупнейший драматург-сатирик своей эпохи. ... Извращающая роль денег, деформирующих человеческий характер, продемонстрировано здесь с огромной реалистической убедительностью. Единство глубокого идейного замысла и отточенной драматургической техники явилось результатом большой и подлинно творческой работы Джонсона» (Уэбстер, Бомонт, Джонсон, Флетчер, Чапмен, Деккер, Хейвуд, Мессинджер, Шерли, 1959: 20). Яғни, Б.Джонсон комедиялары адам мінез-құлқын өзгертуге ықпал ететін ақша тақырыбын қозғау арқылы адамзатқа ортақ мәселелерді көтерген. Оның драматургиясындағы терең ой мен мықты техника комедия жанрында жетістікке жетуге әсер еткен.

Ал, XX ғасырда ағылшынның ұлы драматургі, Нобель сыйлығының иегері Б.Шоудың комедия жанрында жазған атакты «Пигмалион», «Фаннидің бірінші пьесасы» комедиялары үлкен танымалдылыққа ие болып, әлемнің көптеген театрларында сахналанды.

Бүгінгі таңда есімі дүниежүзіне жақсы танылған ағылшын драматургы Рэймонд Джордж Альфред Рэй Кунидің драматургиясы театр сахналарынан жарқырап көрінеді. Бүкіл әлем бойынша жиі қойылып жүрген драматург комедияларының сыры неде деген сұрақтың туындауы түсінікті жайт. Драматург комедиясын орыс тіліне аударған Михаил Мишин: «Комедия – самый сложный жанр. Единственный, который дает зрителю обязательство вперед. Когда вы идете на трагический или драматический спектакль, вам ничего конкретно не обещают, а написано «комедия» – значит, вам дают обязательство, что за время спектакля вы хотя бы пару раз улыбнетесь. И это обещание надо выполнить. И желательно достойными средствами, не снимая на сцене штаны и обходясь без мата, который уже многие путают с остроумием. Что касается Куни, то его пьесы идут более чем в 40 странах. Он мастер своего дела. А его дело – комедия положений. Фарс. В лучших своих вещах он все закручивает с такой лихостью и легкостью, что диву даешься...», – деп оның шығармашылығындағы ерекшелікті анықтап, дөп басқан. (Мишин, 2024). Егер драматург пьесаларына терең үңілетін болсақ, оның комедиялары өткір тілді,

оқиғасы жылдам дамуымен, күтпеген тосын жағдайлардан тұруымен, оқиғалардың шиеленісе түсуімен өзекті. Кейіпкерлерінің түсініспеушілікке, қателікке және комедиялық жағдайларға түсу арқылы көрерменнің ыстық ықыласына бөленеді. Рэй Куни шығармалары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай жоғары деңгейде бағаланып, танымал сахналарда қойылуда. Ол жайында атақты британдық театр үрдісін саралаушы журнал ерекше атап өткен: «Gone are the days when a farce, even when it is by a master of the genre such as Ray Cooney, can have a two-year run in the West End. But that does not mean his plays can no longer make audiences laugh (Орме, 2022).

Драматургтың комедиялық кейіпкерлері әрдайым күтпеген кедергілерге тап болып, одан шыға алмай, басы дауға қалып, комедиялық жағдайларға ұшырайды. Мысалы, «Күлкілі ақша» пьесасында тауып алған ақшасымен бас кейіпкерлер бақытты бола салатындай көрінгенмен, бір пәтерден шыға алмайтын шым-шытырық оқиғаларға тап болуымен қызықты әрі күлкілі болып келеді. Сонымен қатар, Р.Кунидің драматургиясында оқиғалар екпінінің динамикалық өсуі тез, қаһармандары жылдам ойлайды, олар әрекет атмосферасын жасауымен ерекшеленеді. Оның қаһармандары есте қаларлықтай жарқын бейнелер болуымен де, әр кейіпкердің өзіне тән қылығы мен мінезі сай келуімен де дараланады. Ал, олардың оқыс жағдайларға тап болуы комедия қалпын жандандыра түседі. Жалғанның шырмауына іліккен жағдайдан қалай шығатындары одан сайын қызықтырады.

Ерекше атап өтетін жәйт, Рэй Куни өзі де керемет комедиялық актер ретінде бүкіл әлемге танылғаны мәлім. «Күлкілі ақша» комедиясының басыт кейіпкердің бірін тамаша сомдап, көптеген шетел театртанушылардың жоғары бағалауына ие болған. Әйгілі Chikago Reader журналы Рэй Кунидың шытырман оқиға желісінде виртуозды ойыны мен күлкілі кейіпкерлердің сахнада өзара актерлік үйлесімді орын табуы жайында: «Playing Benny Hill to Orton's Monty Python, Cooney always pandered to his middle-aged, middle-class Brit and American tourist audience: in his plays money is sacred, sex is something to snicker at, the appearance of propriety is everything, and if the plot involves a beautiful young woman, chances are she'll be nearly nude and cowering in a closet or on a window ledge before the play's end», – деп айтқан (Хельбиг, 2000).

Р.Куни пьесаларының тілі өткір, сатиралық, ирониялық әзіл-қалжыңға толы. Қаһармандар жылдам әрі нақты сөйлеп, бір-біріне кедергі келтіруі қарым-қатынасты күшейтіп, динамиканы арттырады. Оның пьесалары тар кеңістікте көбінесе, пәтерде болмаса қонақ үйдің бөлмесінде өтеді. Кейіпкерлер сол шеңберден шыға алмай, бір орында отырыперіксіз араласады және алдарынан кездесетін кедергілерді жеңіп шығуға ұмтылады. Онымен қоса Р.Кунидің драматургиясы күтпеген бұрылыстарымен ерекшеленеді. Көрермен қауым оқиғаның қалай өрбитінін айқындай алмай соңын білуге құштарлық танытады. Бұл тәсіл Р.Куни пьесаларының бүкіл дүниежүзіне танымал болуының басты кілтіне айналды.

2. Материалдар мен әдістер

Ғылыми жұмыста Р.Кунидің «Күлкілі ақша» және «№13» комедияларын сахналаған режиссерлер Артем Терехин мен Есләм Нұртазиннің режиссерлік шешімдері басты назарға алынды. М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма

театры мен «Astana Musical» Мемлекеттік театрының шығармашылық жұмысы, актерлік ойындары, режиссердің кейіпкерлерді айқындау үлгісі қарастырылды.

2.1. Зерттеу әдістері

Ғылыми жұмыста драматургтің негізгі идеясы айқындалып, оның комедиялары бойынша қойылған спектакльдерге талдаулар жасалды. Спектакльдерді зерттеу барысында актерлердің көркемдік-эстетикалық ізденістері айқындалып, режиссерлердің сахналық-көркемдік шешімдеріне саралау жұмыстары жүргізілді. А.Терехин мен Е.Нұртазин сөз әрекетінің түп тамырына терең үңіліп орындаушылардың үндік бояуын, дауыс екпінін, психологиялық кідірістерін комедия жанрына лайық тапқаны салыстырмалы зерттелді. Соған байланысты Рэй Куни драматургиясындағы психологизм, адам жанының құбылысын берудегі ерекшеліктер екі қойылымда да жоғары деңгейге көтерілгені театртанушылық талдау арқылы зерделенді.

Зерттеу нысанына қарай талданған қойылымдардың көркемдік маңыздылығын анықтау мақсатында ғылыми жүйелеу, кешенді зерттеу және салыстырмалы-сараптамалық әдістер пайдаланылды.

2.2. Материалға сипаттама

Мақаланың ғылыми-теориялық негізі ретінде ағылшын драматургиясы турасында зерттеу жүргізген Дж.Драйденнің еңбектері, Р.Кунидің комедияларын орыс тіліне аударған Михаил Мишиннің және де Р.Кунидің шығармашылығын зерттеген әдебиеттанушы ғалымдардың және ағылшын драматургиясы мен театры жөнінде зерттеулер жүргізген театртанушы ғалымдар мен БАҚ өкілдерінің қойылымдарға сипаттама мен талдаулар жүргізген еңбектері пайдаланылды. Ағылшын драматургиясының қазақ сахнасында қойылуы, режиссерлік және актерлік жұмыстар туралы зерделенген аталмыш еңбектердің маңызы зор. Сонымен қатар А.Кизилев, С.Ефремов, К.Райкин, В.Крайнов, В.Машков сынды Р.Кунидің пьесаларын сахналаған режиссерлердің баспасөз беттеріндегі сұхбаттары мен еңбектері, екі қойылым туралы жазылған мақалалар мен ғылыми жұмыстар қолданылды.

3. Талқылау

М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының сахнасында Рэй Кунидің «Күлкілі ақша» комедиясының премьерасы 2017 жылдың 20 желтоқсан күні өтті. Спектакльдің режиссері – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері А.Терехин, қойылым суретшісі – Қанат Максұтов, киім суретшісі – Алма Сырбаева, музыкамен көркемдеген – Найля Терехина, балетмейстер – Роза Белгібаева.

Р.Кунидің комедияларының ішінде ұжымның неге дәл осы шығармасын таңдады деген сұрақтың жауабын қойылымда Джейн Перкинс рөлін кейіптеген Светлана Фортунаның сұхбатынан таба аламыз: «Комедия «Смешные деньги» была выбрана среди других произведений Р.Куни именно потому, что она не такая заезженная как скажем «Номер 13» или «Слишком женатый таксист», которые ставятся в более чем 40 странах мира. Сюжет комедии положений, нереалистические ситуации – его фишка; очень часто герои выдают себя не за того, кем являются на самом деле и все это более завязывает сюжет, захватывает зрителя. Сейчас очень велика потребность в комедии

не только в мире, но и в нашем государстве, потому что жизнь очень напряженная, поэтому люди любят прийти и просто отдохнуть, ни о чем не думать, расслабиться» (Әдебиет порталы, 2017). Актриса комедия жанрының бүгінгі көрермендер үшін аса қажеттігін тура айтқан.

Ал, сценографияға келсек, режиссер мен қоюшы суретшінің бірлескен жұмысында минимализмге көп көңіл бөлген. Кіші залда жүретін қойылымда актерлер еркін ойнап, көрермендермен бірге тыныстайды. Суретшінің жұмысынан ағылшын пәтерлерінің жиһаздармен жабдықталу үлгісі байқалады. Оқиға орны тек бір ғана Перкинстердің пәтерінде өтетіндігін суретші назарда ұстаған. Ал, актерлердің киімдері әр кейіпкердің мінез ерекшелігіне сай етіп таңдалғаны аңғарылады.

Спектакль Генридің чемоданын құшақтап келіп, диванға селсоқ отырған кезінен басталады. Барселонаға билет алып, аэропортқа дейін такси шақырып бірге кетуге дайын отырған әйелі ерінің абыржыған түріне қарап: «Не боп қалды, Генри?» деп қарсы алады. Ол түкке түсінбеген әйеліне істің мән-жайын үстелдің үстіне қойған чемоданнан біліп ал дегендей ыңғай танытады. Генри Перкинс рөліндегі Александр Корженко кездейсоқ оқиғаға тап болған кейіпкерінің психологиялық ерекшелігін дөп басқан. Актер оқыстан ақша тауып алған адамның одан айырылып қалу қаупі өлімнен де ауыр екенін әрбір қимылымен ұғындырып отырады.

Ақша мәселесі комедия жанрында үлкен рөл ойнайтыны баяғыдан белгілі. Әсіресе, ертедегі рим драматургі Плавттың «Қазына», Мольердің «Сараң» секілді комедияларынан бастау алған әдіс ағылшын драматургы Р.Кунидің аталмыш пьесасында жалғасын тапқан. Өмірінде көрмеген 1750 фунт стерлингтің иесі болып шыға келген Генри қаржыдан айырылмаудың басты жолы алысқа кету деп білсе де, оның мақсатына кереғар жағдайлардың тууы қойылым оқиғасына қызықтырып әкетеді.

Джейн Перкинс рөліндегі Светлана Фортуна күйеуі тауып әкелген ақшаға бастапқыда күмәнмен қараған әйелдің секемшілдігін қас-қабағымен ұқтыра алды. Джейннің ойы инспектор Дэвенпорт – Иван Анопченко пен телефон арқылы шақырылған таксист Биллдің (Генри оны қасақана Бен деп атайды) – Максим Яценко келуімен өзгереді. Дэвенпорттың алдында Барселонға кететіндерін білдіртпеу мақсатында Джейн өтірік айтуға мәжбүр болады. Ол әпкесінің де күйеуінің де аттарын ойдан шығарып, соларды аэропортқа шығарып салатынын мәлімдейді. Чемоданға толып тұрған ақшаныюларға білдірмес үшін ойын лезде өзгерте қалған әйелдің ішкі қобалжуын актриса иланымды бедерледі. Сонымен қоса айтылған өтіріктің соңы қалай аяқталатыны көрермендерді қызықтыра түседі. Себебі, оның амалсыздан айтқан өтірігін Генридің естімей қалуы сахнадағы оқиғаны ширата түседі. Осы тұста біз Р.Кунидің комедиялары мен француз драматургы М.Камолеттінің пьесаларындағы ұқсастық барын аңғарамыз. Басы, жалғасы, өтіріктен туындаған өтіріктің шым-шытырық оқиғаға айналып, кейіпкерлердің тығырықтан қалай шығатынын бақылайтын сәттер арасында ұқсастықтың бары рас: «Драматургия Рэя Куни и Марка Камолетти – офисный юмор, их адресат – менеджер среднего звена в урбанистической цивилизации. Принцип комизма всех пьес неизменно произрастает из психоза хорошо организованного менеджера: когда расписание, утвержденное и

разработанное, начинает ломаться, события наслаиваются друг на друга, ситуации перемешиваются, текстуры налезает друг на друга. Герой в драматургии Кун и Камолетти полностью детерминирован служебным графиком, сущность его действий выражает предустановленная математика жизни, распорядок дня. И если уж появляется вынужденная ложь, то эта ложь запланирована, она является допустимой погрешностью», – деген ойына толық қосыламыз (Руднев, 2015).

Инспектор Генридің бардағы оғаш қылығы үшін келгенін мәлімдейді. Генри одан тезірек құтылу үшін ғана еркектерге тиістім деп мойындайды. Сонымен қоса Джейннің туған күніне келген достары Виктор Джонсон – Игорь Седин мен Бетти Джонсонға – Маргарита Мухамедиева тауып алған ақша жайында айтып қоюы оқиғаны одан сайын ушықтыра түседі. Осындай күтпеген жағдайдың орын алуы күлкі тудырып, спектакльдің ырғақ, екпінінің шапшаңдауына ықпал етті.

Слейтон рөліндегі Болат Кирибаевтің келуін режиссер қызық шешкен. Ол сахнаға шыққан кезде найзағайдың жалтылдауы үйге қауіпті адамның келгенін білдіреді. Бірақ ары қарата режиссер Слейтон әрекетін күлкілі жағдайды жандандыра түсуге пайдалана алмаған.

Спектакльдегі барлық оқиғалар Генридің төңірегіне құрылған. Ақшаны тауып алған сол болғандықтан, туған күнге келген достары да, таксист те, айдалы Дэвенпорт та оның айтқан өтірігіне келіседі, себебі бәрінің ойында ақшадан үлес алуға деген дәмелері байқалады. Тіпті Бетти күйеуін тастап, онымен Барселонаға кетуге келісім беруі ойға қонымсыз болса да, шындық. Ақша құлқынын тесіп бара жатқан әйел тіпті мейірімді болып, Джейн мен Виктордың бірге болуын құптайды. Осындай күлкілі жағдайларды Р.Куні әдемі әзіл деңгейіне жеткізіп, комедиялық оқиғаға арқау еткен.

Қойылымның шарықтау шегі – чемоданның ауысуы. Нағыз хаостық жағдай сол жерде орын алады. Генри – А.Корженко есінен шатасқан адамдай сықылықтап күліп, шарасыздығын білдіреді. Генридің «өлі» денесін тануға әйелін алып кетуге келген Слейтонды басқалары мылжың сөзбен ұзақ ұстауға кіріседі. Үйдегі жағдайдан бейхабар «оңтүстіктің» инспекторы шуылдан басы айналып, шарасыз күйге түседі. Генри мен Джейн, Дэвенпорт та, таксист те Слейтонға өтірікті шынға бергісіз етіп айтады.

Спектакль соңында оқиғаға араласатын чемоданның иесі, қолына қару ұстап келген қарақшының сахнаға не себептен шыққаны, мақсатымен міндеті режиссер тарапынан айқындалмаған. Себебі оның сахнаға шығуынан ешнәрсе өзгермейді.

«Күлкілі ақша» комедиясы актерлердің ойынан сурыпсалмалықты қажет ететін туынды. Себебі тығырықтан шығу, қиындыққа тап болу, өтіріктің артындағы өтірікті жалғау актерлік ойынды жандандыруға, дамытуға көп септігін тигізеді. Мұндай комедиялардың Қазақстан театрларында көбірек қойылғанын құптаймыз. Өйткені кейіпкердің эмоциялық көңіл-күйін сезініп, дене қимылы мен пластикаға сәйкестендіру актерден мол ізденісті қажет етеді. Эмоциялар мен сезімдерді іс-әрекетке айналдыру актердің қиялында жанданған кезде ғана көрерменді сендіре алады. Бұл режиссер талап ететін дұрыс физикалық әрекетті нақты табумен бірге, сөз әрекетін психикалық әрекеттермен байланыстыра отырып, ұсынылған жағдайларда өз басынан кешкендей денесінен өткізеді. Олай болса комедия жанрында ойнау

актер шеберлігін дамытып, шындап отырады. Көрерменді өтірік күлдіре алмайсың. Ол үшін драматургиялық иірімдерді жіті түсініп, оқиғалардың құрылымын, әр сахнаның мақсатын айқындап алу қажет. Осы орайда актерлердің берілген режиссер тапсырмасын дәл тауып, спектакльдің тұтастығына мықты жұмыс жасағанын атап өткен жөн. Әсіресе, бас кейіпкер Генри Перкинс рөліндегі А. Корженко өз кейіпкерін терең зерттегені бірден аңғарылады. Оның ойыны күлкілі әрекеттерге құрылған. Бір чемодан ақшаға ие болған Генридің психологиялық өзгерістерін шеберлікпен көрсетті. Есік қағылған сайын уайымнан дірілдеп, жанын қоярға жер таппаған жігіттің қорқынышын бет-жүзін құбылту арқылы білдірді.

Қойылымда өнер көрсеткен басқа актерлердің ойыны турасында спектакльді көріп, пікір білдірген Влада Гук: «Актерский ансамбль и в самом деле демонстрирует сыгранность почти музыкальную: каждый ведет свою партию, чудесным образом оттеняя друг друга. Например, Болат Кирибаев в роли честного инспектора Слейтона выдает роскошную гамму чувств: от глубокого прискорбия до кипящей ярости. А инспектор Дэвенпорт Ивана Анопченко – напротив, ходячее хладнокровие и чувство собственного достоинства: с этим чувством он и врет, и требует взятки. Игорь Седин и Маргарита Мухаметдиева, играя друзей семьи Перкинс – Виктора и Бетти Джонсонов, – как и полагается друзьям главных героев, берут на себя большую часть эксцентрики. Таксист Билл в исполнении Максима Ященко «свеж, как редис, и незатейлив, как грабли»» (Гук, 2017). Бұдан актерлік ансамбльдің дұрыс құрылғанына және қойылымға қатысқан әрбір актердің өз кейіпкеріне тән мінез ерекшелігін тура тапқанына көзіміз жетеді.

Қорытындылай келе, Р.Кунидің «Күлкілі ақша» туындысы М.Горький атындағы орыс драма театрының репертуарын толықтырып, комедия жанрындағы көркемдік құндылығы жоғары спектакльдерінің біріне айналды.

Р.Кунидің комедияларының ішінде үлкен жетістікке жеткен пьесасы – «№13». Аталмыш комедияның танымалдылығы сонша 1999 жылы Лоуренс Оливье сыйлығына ие болса, 2000 жылы Еуропадағы «Ең үздік комедия» деген номинацияны жеңіп алған. Әлемге әйгілі комедия «Astana Musical» Мемлекеттік театрында 2019 жылдың 27 наурыз күні қойылды. Спектакльдің режиссері – Есләм Нұртазин, қоюшы суретшісі – Ерлан Тұяқов болды.

Драматургтің «№13» комедиясы жарқын кейіпкерлерімен, қызықты, күлкілі жағдайлардың жылдам әрі тартысты болуымен, күтпеген жағдайлардың орын алуымен күлкі тудырады. Режиссер Владимир Машков: «Театр – удивительное место, где спектакль рождается, особенно комедия, особенно комедия-фарс, трагифарс, рождается только на зрителе, когда вот эти невидимые нити между актером и зрителем налажаются. Тогда и рождается спектакль, они неповторимы, также как и джаз» (Юрьева, 2014) деген. Шынымен де, комедиялары классикаға айналып кеткен Р.Кунидің пьесалары Қазақстан театрларының сахнасында да жаңаша түлеп, арқалы актерлердің шабытымен құлпырып ойналды. Драматургтің ерекшелігіне сай «№13» комедиясының оқиғасы бір ғана кеңістікте қонақ үйдің бөлмесінде өтеді. Осынау танымал комедия еліміздің бірнеше театрларында қойылды. Солардың арасында Қазақстандағы алғашқы мюзикл театрында Е.Нұртазиннің режиссурасымен

заманауи жаңаша көзқараста қойылған спектакльді бөліп айтқан орынды. «Astana Musical» Мемлекеттік театрының көркемдік жетекшісі Әділет Әбдіқадыров: «Спектакль қойылған кезде негізі 50 пайызын ұжым ойнап шықса, қалған 50 пайызы драматургияға байланысты», – деп тұжырымдайды (Ерғалиева, Шакубаев, Төлебек, 2024). Е.Нұртазин сахналаған қойылымның басты ерекшеліктерінің бірі комедияға музыкалық партиялардың арнайы жазылуы болды. Осындай ізденістерді сараптай келе, бүгінгі режиссура бағыты, жас режиссерлер жайлы зерттеуде: «Біздің Қазақстан театрлары да рухани құндылықтарды, қоғамның келбетін, адам өмірінің маңызын көрсетудегі ізденістерін жалғастырып келеді», – дейді театртанушы ғалымдар. (Нұрпейіс, Құмарғалиева, 2024: 59)

Қойылым музыкада отырған қонжық костюмін киген жігіттің көрермендерге қошемет көрсетіп, спектакль кейіпкерлерін таныстыруынан басталады. Іле-шала көңілді музыка ырғағымен бөлмені дайындауға кіріскен қонақ үй қызметкерлері мен Комендант жылдам қимылдап, ән шырқай жүріп жұмыстарын бітіреді.

Сахнадағы оқиға комедияның бас кейіпкері Ричард Уиллидің қонақ үйге келуінен өрбиді. Ол – Англия премьер-министрінің көмекшісі, өзіне аса сенімді, пысық жігіт. Ричард өзіне қарсылас жақтың хатшысымен құпия байланыс орнатып, жұмыстың орнына сол кербез әйелмен қонақ үйде, ал нақтырақ №13 бөлмесінде кездесуді жоспарлайды. Барлығы өзі ойлағандай өтетініне сенімді көрінгенімен, дәл сол бөлмеден өліп жатқан адам денесінің табылуы оған үлкен кедергі жасайды. Көңілдерестер енді ғана бір-біріне жақындай берген кезде терезенің ортасына қысылып тұрған өлі жігіттің көрінуі спектакль оқиғасын бірден ширатып әкетеді.

Ақжол Өмірзақовтың Ричарды бар кедергіден құтылуға ұмтылған, басына түскен жағдайдан шығуға барын салған адам ретінде танылады. Айта кететін жайт, Р.Кунидің комедиясы тек көрермендердің көңілінен шығып қана қоймай, орындаушылардың жан-жақты ашылуына, актерлік шеберлікті шыңдауға көп көмектеседі. Себебі, қуықтай бөлмеде бір-бірімен кездеспеу керек әйелі мен көңілдесі, қайта-қайта келгіштей беретін қонақ үйдің қызметкерлерінен құтылу, өлі денені біреудің көріп қоймауы үшін күйіп-пісу актерлерден біліктілік пен шеберлікті, шапшаңдық пен жылдам әрекетті қажет етеді. Осы міндеттерді орындау А.Өмірзақовтың ойынында ойдағыдай орын алғанын аңғарамыз. Барлық оқиға желісі осы кейіпкердің айналасына құрылғандықтан, оған артар жүктің салмағы ауыр. Актер басқа спектакльдерде вокальдық мүмкіндіктерімен жақсы танылып жүрсе, осы жолы көрермендерге комедиялық актер ретінде өз өнерін көрсете білді деп нақты айта аламыз.

Ал, Ричардтың көмекшісі Джордж Пигден рөліндегі Абылай Капиз қойылымдағы ең күлкілі кейіпкерге айналды. Бастығына жағыну үшін бәрін жасайтын, өзіне сенімсіз, «кішкентай адамның» прототипін көз алдымызға алып келді. Актер өз кейіпкерінің момындығын, сенгіштігін, Ричардтың айтқанынан шыға алмайтын көнбістігін жақсы ашты. Әртүрлі комедиялық жағдайларға тап болатын Пигденнің - А.Капиз жүріс-тұрысы, тез сөйлеуі бәрі де жанр табиғатымен астасып жатты. Р.Кунидің саясаткерлерді ащы сатирамен түйрейтін тұстары Ричард пен Пигден сахналарында режиссер тарапынан өткір көрсетілген.

Ал, Ричардтың сүйіктісі сұлу да сымбатты Джейн Уорзингтон Зарина Таштаева ойынында романтикалық сарындағы, өте аңғал әйел ретінде танылды. Онымен қоса, ол қатысқан сахналар көптеген комедиялық жағдайларды тудырады. Актрисаның Джейниәккөңіл, елгезек, шапшаң қимылымен баурап алады. Оның есте қаларлықтай бейне болуына ашық түсті киімі де көмегін тигізді. Джейннің тартымдылығын актрисаның вокалдық мүмкіншілігінің молдығы мен пластикалық қозғалыстары да арттыра түскен.

Джейннің Ричардпен көңілдес екенінен бейхабар күйеуі Ронни – Данияр Туранов онсызда ушығып тұрған жағдайды шиеленістіре түседі. Әйелін іздеп келген жігіт Ричардты одан сайын тыпыршытып жібереді. Актёр өз кейіпкерін өте қызғаншақ, тез ашуланатын қызба адам етіп бейнеледі. Сахнаға Ронни – Д. Туранов шыға салысымен әйелін іздеп бөлмедегі заттарды қиратып, жолындағы адамдарды жұтырықпен ұрып, азан-қазан етеді. Актёрдің әрбір қимылы, сөйлеген сөздері қойылымның одан сайын қызық бола түсуіне өз әсерін тигізді.

Қонақ үйдегі тәртіпті ретке келтіруге жауапты Комендант роліндегі Әлиулла Шәуенов оқыс жағдайлардың тууына үнемі өзі себепкер болып отырады. Оның мақсаты қонақ үйдің атына кір келмеуін қадағалау болғанымен, өзі ойламаған кедергілерге тап болады.

Ричардтың әйелі Памела роліндегі Арайлым Кусаинованың ойыны жарқын әрі эмоционалды болып спектакльдің өңін кіргізді. Үстіне киген қып-қызыл костюмі мен қанық бояулы гримі оны өзгелерден айшықтай түседі. Ерке әрі сылқым келіншектің күйеуін іздеп келіп, Пигденмен сайран салуын актриса нанымды көрсетті. Орындаушының вокалдық мүмкіншілігінің зор болуы да, кейіпкер жан дүниесінің ашылуына оң әсерін тигізді.

Ал, көңілдердің әдемі кешін бұзып, ойда-жоқта маңызды бейнеге айналған Дене – Бекзат Бағытжановтың ойыны ерекше есте қалып, қойылымның бойына күре тамырдай қан жүгіртеді. Актёрдің икемділігі мен иілгіштігі, пластикалық әсемдігі алғашқы сахнадан бастап көзге бірден түседі. Оны ары-бері қозғап, келген адамдардан тығу үшін тіпті Денені тірі адам ретінде таныстыратын сахналардағы актёрдің шеберлігі биік мәреден көрінді. Сүйегі жоқ адамдай былқ-сылқ етіп көріну үшін көп жаттығулар жасаған актёрдің жұмысы шынымен де бөліп айтуға тұратын еңбек демекпіз. Дене – Б. Бағытжанов бір уақыт есін жиып, тура өзі талып қалған жерде қайта есінен айырылатын тұсы да психофизикалық тұрғыда нанымды шықты. Оның № 13 бөлме терезесінің арасына қыстырылып «өліп» қалу жұмбағы қойылым соңына дейін мәлімсіз болып көрермендердің қызығушылығын күшейте түседі. Ақыры, бұл Дене Джейннің соңынан күйеуі аңдытып қойған детектив болып шығады.

Глэдис роліндегі Зарина Жакенова қыздың Пигденге деген ынтықтығын иланымды жеткізді. Басында монахинаның костюмін киіп шығатын Глэдис Пигденмен оңаша қалған сәтте «мысық әйелге» айналып, мүлде басқа адамның кейпіне енеді. Монахинаның киімі күнделікті қыздар киіп жүретін ашық - шашық көйлекке ауысып, оның шынайы табиғатын танытады. Актрисаның аса қызулықпен, ойнақы орындаған әні де қыздың жігітке деген ынтызарлығын сездіруге мол әсерін тигізді.

Қойылымдағы орындаушылардың вокалдық, актерлік шеберліктері өзара қабысып көрермен қауымның назарын уысында ұстап отырады. Осы тұста режиссер актерлердің әртүрлі ампулада көрініп, кәсіби дайындықтарын байқатуға көп жағдай жасағанын аңғарамыз.

Ал, пьесада жоқ Джек – Саят Мақұлбаев, Радж – Нұрпейіс Абдураев, Митхун – Медет Рахымберген, Тэдди – Асхат Байтлеу кейіпкерлер қойылымда күтпеген оқиғаларды тудыруда комедиялық жағдайлардың орын алуына өзіндік септігін тигізіп дәнекершілік қызметін атқаратынын байқаймыз. Аталмыш кейіпкерлерді пьесадағы официант, қызметші қыздардың аналогы деп түсінген жөн. Кеңістіктің шағын болуы күлкілі жағдайлардың одан сайын көп тууына әсер етеді. Себебі «өлі» жігіт пен қыздарды да бір бөлмеге жасыру күлкі көрігін қыздыра түседі. Сахнаның көрерменге жақын орналасуы олармен байланыс орнатудың басты тетігі болумен бірге, актерлердің шыңдалуына оң әсер етті.

Е.Нұртазин бұл қойылымда ойнаған актерлерден комедияға лайық жеңіл қимылды, әзіл мен тапқырлықты, кейіпкерлер тап болған оқиғаға сәйкес сәт сайын түрленуді, олардың қиналысы мен күйініштерін шынайы бейнелеуді талап етті. Ең бастысы спектакльдегі актерлер жанды дауыста ән айтып, музыкалық қабілеттерін де жарқырата көрсетеді. Әдемі әзіл мен жарасымды қалжыңға құрылған комедияның театр репертуарынан түспей жүруіне режиссердің бүгінгі заманға лайық заманауи ізденіске барумен байланыстырамыз. Жоғарыда айтып өткендей актерлер комедиялық оқиғалар тудырып қана қоймай, музыкалық партияларды еркін орындап, пластикалық икемділіктерімен де көрерменді тәнті етіп, қойылымның динамикалы, тартымды болуына көп ықпал етті. Режиссерлік шешім мен актерлік ойын арқылы комедияның бояуы одан сайын құлпырып, қазақ көрермендеріне ағылшын комедиясында қозғалған мәселелердің ортақ екендігін көрсетті. Бұл туралы Е.Нұртазин журналистерге берген сұхбатында: «Английский юмор отличается от казахского. Есть моменты, которые просто не понятны и не смешны нам, их мы сокращали, – пояснил режиссер. – За счет этого повествование получилось даже более динамичным» (Майсеитова, 2019) деп жауап берген. Артистер мен режиссердің пьесамен көп жұмыс жүргізгені спектакльдің сапасы мен деңгейінен де көрінеді.

4. Зерттеу нәтижесі

«Комедияның күші – күлкіде, күлкінің күші – шыншылдық пен табиғилықта. Шыншыл һәм табиғи күлкі терең мазмұнды тартыстан туып, толыққанды юморлық не сатиралық образдарға көркем жинақталып, парасатты, биік идеяға шебер бағындырылғанда ғана комедия жалаң водевиль, жеңіл фарс, арзан мелодрама сипаттарынан аулақ, бұл жанрдың шын мәніндегі шынайы шығармасына айнала алады. Комедия авторына талап осы тұрғыдан қойылуға тиіс», (Қабдоллов, 2007: 332) – дейді әдебиет зерттеуші, ғалым З.Қабдолов. Еуропаның ғана емес, бертін бүкіл Ресей театрларында сахналанып, репертуардан түспей қойылып келе жатқан комедияның қазақ театр сахнасындағы алғашқы қадамы сәтті болды. Аталмыш спектакль биылғы жылы Көкшетау қаласында өткен Халықаралық II «Сәлем» комедия театр фестиваліне қатысты. Бұл туралы: ««Astana Musical» Мемлекеттік театры өткен Халықаралық II

«Сәлем» комедия театр фестивалінде «Үздік комедиялық спектакль» номинациясын жеңіп алған Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы мемлекеттік мюзикл театры. «Astana Musical» Рэй Кунидің «№13» комедиясын ұсынып, қазылар алқасының жоғары бағасын алды», - делінген (Qazaqculture порталы, 2024). Яғни, бұл комедия жанрының қазақ театрларында да дамып, аталмыш қойылымның жоғарғы деңгейде сахналанғанын айғақтайды. Сонымен бірге бүгінгі ағылшын драматургиясын қазақ сахнасында қою үрдісінің жарқын мысалы болып табылады.

М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында А.Терехин сахналаған Р.Кунидің «Күлкілі ақша» комедиясы драматургтың өте нәзік әрі айқын сатиралық сарынын жақсы жеткізе білген, мықты актерлік ансамбльдік ойынымен ерекшеленді. Драматург таңдаған өзекті тақырыпты ашуда, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынас жасаудағы ой, сөз еркіндігі сақталып, комедиялық жағдайлар қызықты өрбіді. Р.Куни комедиясындағы оқиғалардың жылдам әрі күтпеген жағдайларға толы болуы актерлердің шабыттана ойнауына ықпал етті. Орындаушылар өзара жақсы байланыс орнатып, алғырлықтары мен шапшаңдықтарын, сөзге шешендіктерін көрсетті. Қойылымның оптимистік рухта аяқталуы көрермен жүрегінде адамдық, адамгершілік сезімін оятады.

Ал, «Astana Musical» Мемлекеттік театрында сахналанған Р.Кунидің «№13» комедиясын қойған режиссер Есләм Нұртазин атақты шығарманы заманауи тілде интерпретациялады. Ол пьесаның көркемдік және жанрлық ерекшеліктерін актерлер ойынында әдемі үйлестірді. Режиссердің кеңістікті дұрыс пайдалануы, комедияға арнайы ән жаздыруы, актерлердің қимыл-қозғалыстарына мән беріп, балетмейстермен жұмыс істеуі қойылымның аса динамикалы жүруіне мол әсерін тигізді. Әсіресе, мюзиклде ойнап жүрген актерлердің комедия жанрында өнер көрсетуі, көрерменнің алдында түрленіп, драмалық қырынан көрінуі, жаңаша ампулада танылып, актерлік шеберліктерін танытулары олардың ізденістерін паш етті. Екі қойылым да өзіндік ырғақ-екпінімен, түрлі тақырыптарды жаңа пішінде сахналауымен дараланды. Ең бастысы, Р.Куни комедияларының қазақстандық көрермендердің жүрегіне жақын әрі кез-келген театр ұжымы үшін актерлік мектепті шыңдаудың жоғары көрсеткішіне айналған туындылар болып табылатынын көрсетіп берді.

5. Қорытынды

Рэй Куни – комедия жанрын жаңа деңгейге көтерген драматург. Оның комедияларына саясат, отбасылық құндылық, адалдық, жақсылық пен жамандық сынды өзекті тақырыптар арқау болды. Ол драмалық тартыс пен кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктерін жанр табиғатына сай құрып, пьеса қаһармандарының психологиясын әрекет үстінде ашқан. Пьесаларының композициясы аса шымыр, қаһармандардың мінезі мен ойы, жан-дүниесі сөз арқылы әсерлі кестеленген. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде шығармалары сахналанған Р.Куни пьесалары өзіне тән ерекшелігімен, ешкімге ұқсамауымен де құнды.

«Өнер – адам мен әлемнің өзара байланысын зерттеуге мүмкіндік беретін, нақты өмірде көрініс табатын реттелетін үлгі түріндегі тамаша құрал» (Мамиров, Халықов, Нұрпейіс, 202). Автор тар кеңістікте кейіпкерлерді тосын жағдайларға түсіріп, бұралаң жолдармен комедиялық оқиғаларды өрбітеді. Ал, оқиғаның жылдам

әрі тартысты өтуі көрермендердің қызығушылығын арттырып отырады. Осындай күрделі де, күрмеуі қиын жанрдың тізгінін ұстап, жақсы жетістікке жеткен суреткердің комедиялары елімізде де үлкен қошеметке ие болды. Бұған жоғарыда талданған екі қойылымға көрермендердің көп келуі дәлел. Комедиялық туындыны жазу бөлек, ал оны сахналау ең қиын міндеттердің бірі екені әлімсақтан аян. Алдарына қойылған міндеттерді орындап, шығармашылық ұжыммен мықты жұмыс жасаған режиссерлер А.Терехин мен Е.Нұртазин комедия табиғатына сай тапқыр мизансценалар құрып, адам жанының пернесін қозғайтын спектакль тудырды.

М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында сахналанған Р.Кунидің «Күлкілі ақша» және «Astana Musical» Мемлекеттік театрында қойылған «№13» комедиялары заманауи интерпретацияда мықты сахналанған өнер туындылары екеніне көзіміз жетті. Қорытындылай келе, аталған спектакльдер Р.Куни шығармаларын қазақстандық театр режиссерлерінің еркін қоя алатындығын дәлелдеді.

Әдебиеттер:

1. Әдебиет порталы. В лучших традициях английской драматургии или коротко о «Смешных деньгах», 2017. URL: https://adebiportal.kz/ru/news/view/v-lucsix-tradiciax-angliiskoi-dramaturgii-ili-korotko-o-smesnyx-dengax__19580
2. Гук В. Смешные деньги – горькие реалии., 2017. URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/smeshnye-dengi-%E2%80%93-gorkie-realii>
3. Драйден Джон. Эссе о драматической поэзии // Литературные манифесты западноевропейских классицистов. – М., 1980.
4. Ерғалиева М., Шакубаев Ә., Төлебек Б. Халықаралық II «Сәлем» комедиялық театр фестивалі., 2024. URL: <https://kokshetv.kz/kz/news/36524>
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 358 б.
6. Qazaq culture порталы. «ASTANA MUSICAL» Халықаралық комедия театр фестивалінде үздік деп танылды., 2024. URL: <https://qazaqculture.com/kz/news/teatr-astana-musical-priznan-luchshim-nammezhdunarodnom-teatralnom-festivale-komedii>
7. Mayemirov A, Khalykov K, Nurpeiis B., (2015). Ethnic and Cultural Aspects in the Development of Kazakh Theatres during the Independence Period: The Problems of Human Existence. 24 pp. // Scopus Folklore: Electronic Journal of Folklore: Tartu, Estonia, vol. 62, №: 62. [http:// DOI:10.7592/FEJF2015.62.kazakh](http://DOI:10.7592/FEJF2015.62.kazakh).
8. Майсеитова А. Однажды в номере 13..., 2019. URL: <https://kazpravda.kz/n/odnazhdy-v-nomere-13/>
9. Мишин М. Скоро премьеры! Рэй Куни на сцене Русского драматического театра!, 2024. URL: <https://rusdram21.ru/novosti/skoro-premyera-ry-kuni-teatra?ysclid=m29f4q6nkz279850244>
10. Нұрпейіс Б.К., Құмарғалиева Н. Қазақ театр режиссурасы ізденістеріндегі постдрамалық негіздемелер //Central Asian Journal of Art Studies, №3 (9). – 2024 –55-72 б., doi:10.47940/cajas.v9i3.921
11. Орме С. Көңілді ақша., 2022. URL: <https://www.britishtheatreinfo.info/reviews/funny-money-pomegranate-the-20614>.
12. Руднев П. Куни и Камолетти., 2015. URL: <https://pavelrudnev.livejournal.com/1812054.html>
13. Уэбстер Дж., Бомонт Ф., Джонсон Б., Флетчер Дж., Чапмен Дж., Деккер Т., Хейвуд Т., Мессинджер Ф., Шерли Дж. Современники Шекспира. Сборник пьес. – Москва: Том 1. Государственное издательство «Искусство», 1959. – 495с.
14. Хельбинг Дж. Көңілді ақша., 2000. URL: <https://chicagoreader.com/arts-culture/funny-money/>
15. Юрьева Н. Знаменитая комедия «Номер 13» – вновь на сцене Московского художественного театра., 2014. URL: https://www.itv.ru/news/2014-01-20/50365_znamenitaya_komediya_nomer_13_vnov_na_stsene_moskovskogo_hudozhestvennogo teatra

References:

1. Literary Portal. (2017). In the Best Traditions of English Drama or a Brief Overview of Funny Money. Retrieved from https://adebiportal.kz/ru/news/view/v-lucsix-tradiciiax-angliiskoi-dramaturgii-ili-korotko-o-smesnyx-dengax_19580 (in Russ.).
2. Dryden, J. (1980). Essay on Dramatic Poetry. In Literary Manifestos of Western European Classicists. Moscow.
3. Guk, V. (2017). Funny Money – Bitter Realities. Retrieved from <https://inbusiness.kz/ru/news/smeshnye-dengi-%E2%80%93-gorkie-realii> (in Russ.).
4. Helbig, J. (2000). Funny Money. Retrieved from <https://chicagoreader.com/arts-culture/funny-money/> (in Eng.).
5. Mayemirov, A., Khalykov, K., & Nurpeiis, B. (2015). Ethnic and cultural aspects in the development of Kazakh theatres during the independence period: The problems of human existence. Scopus Folklore: Electronic Journal of Folklore, 62, 24 pp. <https://doi.org/10.7592/FEJF2015.62.kazakh> (in Eng.).
6. Maiseytova, A. (2019). Once in Room 13... Retrieved from <https://kazpravda.kz/n/odnazhdy-v-nomere-13/> (in Russ.).
7. Mishin, M. (2024). Premiere Soon! Ray Cooney on the Stage of the Russian Drama Theater!. Retrieved from <https://rusdram21.ru/novosti/skoro-premyera-ry-kuni-teatra?ysclid=m29f4q6nkz279850244> (in Russ.).
8. Nurpeiis, B.K., & Kumargaliyeva, N. (2024). Postdramatic concepts in directing of Kazakh theatre. Central Asian Journal of Art Studies, 3(9), 55–72. <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i3.921> (in Kaz.).
9. Orme, S. (2022). Funny Money. Retrieved from <https://www.britishtheatre guide.info/reviews/funny-money-pomegranate-the-20614> (in Eng.).
10. Qabdolov, Z. (2007). The Art of Words. Almaty: Sanat. (in Kaz.).
11. Qazaq Culture Portal. (2024). «ASTANA MUSICAL» Recognized as the Best at the International Comedy Theater Festival. Retrieved from <https://qazaqculture.com/kz/news/teatr-astana-musical-priznan-luchshim-na-mezhdunarodnom-teatralnom-festivale-komedii> (in Kaz.).
12. Rudnev, P. (2015). Cooney and Camoletti. Retrieved from <https://pavelrudnev.livejournal.com/1812054.html> (in Russ.).
13. Webster, J., Beaumont, F., Johnson, B., Fletcher, J., Chapman, J., Dekker, T., Heywood, T., Messenger, F., & Shirley, J. (1959). Contemporaries of Shakespeare: Collection of Plays (Vol. 1). Moscow: State Publishing House «Art.» (in Eng.).
14. Yergaliyeva, M., Shakubaev, A., & Toletbek, B. (2024). International II «Salem» Comedy Theater Festival. Retrieved from <https://kokshetv.kz/kz/news/36524> (in Kaz.).
15. Yurieva, N. (2014). The Famous Comedy «Number 13» – Back on the Stage of the Moscow Art Theater. Retrieved from <https://www.1tv.ru/news/2014-01-20/50365> (in Russ.).